

**Жоғары сынып оқушыларының  
мамандық таңдауға даярлығының  
психологиялық маңызы.**

**Орындаған: Жамбылова Аида**  
**Қабылдаған: Мусадилова Гүлжанат**

# МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

1.БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА ДАЯРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘНІ

1.1. Кәсіби бағдарлау,мамандық таңдаудың қалыптасуы

1.2. Оқушыларды алдын ала мамандық таңдауын психологиялық диагностикадан өткізудің маңыздылығы

1.3. Оқушылардың темпераментін анықтау барысында қолданылатын әдістемелер

2.ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДАЯРЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

2.1.Оқушылардың интеллектуалдық қабілетін зерттеу

2.2.Жеткіншектердің мамандық таңдау жұмысында психо-коррекциялық ойындарды қолдану

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

## КІРІСПЕ

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын таңдап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады. Әр мектептің оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психологтың қосатын үлесі мол болуға тиіс.

## **1.1. Кәсіби бағдарлау,мамандық таңдаудың қалыптасуы.**

Кәсіби бағдарлау,мамандық таңдаудың ғылыми негізде ұйымдастырылған түрі 1908 жылы Бостон қаласында кәсіби кеңес беру бюросы ашылған күннен басталды деп айтуға болады. Ал шын мәнінде кәсіби бағдарлау ежелгі дәуірде де орын алған. Бұл проблема адамзаттың қоғамдық даму қажеттілігінен пайда болды, сондықтан оның қоғам сияқты өзіне тән даму тарихы бар. Әрине кәсіби бағдарлау мамандықтардан бұрын пайда болуы мүмкін емес.

## **1.2. Оқушыларды алдын ала мамандық таңдауын психологиялық диагностикадан өткізудің маңыздылығы**

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан.

Жалпы және кәсіби білім беру мектептерінің тұжырымдамасында оқушыларды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екені анықталған. Бұл мәселені шешу әр мектепте әр түрлі жолдармен жүргізіліп жатыр.

### **1.3. Оқушылардың темпераментін анықтау барысында қолданылатын әдістемелер.**

Темперамент ерекшеліктерін диагностикалауға Айзенк, Стреляу тестерінен кеңінен қолданады. Осы әдістемелерді қолдану арқылы тек темперамент типі анықталып қана қоймастан, сонымен қатар балалардың экстраверсия-интроверсияның қайсысына жақын екені анықталып, невротизмнің байқалатындығы да диагностикаланады.

## Айзенк тесті:

Бұл тесті орта сынып оқушыларынан бастап ересек адамдарға дейін қолдануға болады.

**Мақсаты:** баланың темпераментін және эмоционалдық тұрақтылығын (невротизмнің көрінісін) анықтау.

**Орындау ережесі:** «сізге 57 сұрағы бар бланкі мен жауап парақ берілді. Сұрақтардың әрқайсысына «ия» немесе «жоқ» деген жауап беріп оны жауап параққа жазыңыз. Дұрыс жауапты табу үшін көп ойланудың ешқандай қажеті жоқ. Өйткені бұл тапсырмалар арқылы білімді немесе ақыл-ойдың даму деңгейі бағаланбайды, берілген сұрақтарға дұрыс немесе қате жауап жоқ. Әр адамның өз ойы өзіне дұрыс. Сондықтан ең бірінші ойға келген жауапты сұрақ номерінің тұсына жазыңыз».

## **Лингвистикалық қабілетті анықтауға арналған Айзенктің сөздік (вербалдық) субтесті.**

**Мақсаты:** жас өспірімдерден бастап үлкендерге дейінгі жас кезеңіндегілердің сөздік интеллектін және шығармашылық қабілеттің зерттеу.

**Орындау ережесі:** «Сіздерге 30 минутта шешуге 50 тапсырма берілген. Тапсырмаларды көп ойланбай тез орындау қажет. Егер субтестің қандай да бір тапсырмасы тез орындалмаса, оны өткізіп жіберіп, келесісін орындаңыз. Уақыт қалса тастап кеткен тапсырмаға қайта оралуға болады».



Мамандықтар бойынша ағарту жұмысын жүргізу және кәсіби бағдар беру жұмысының мәні өте терең. Өйткені әр мектеп бітіруші өзінің болашақ мамандығын жекелік психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай анықтағанда ғана олар мамандық қызметінде табысты болады. Сондықтан мектеп психологиялық қызметінің міндеттерінің бірі -балаларға мамандықты дұрыс таңдатуы болып табылады.

**Назарларыңызға  
РАҚМЕТ!!!**